



**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

## **АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР**

*2018 жылғы 8 қараша*

### **«Invest Online» жүйесі - инвестициялаудың ыңғайлы әрі қарапайым тетігі**

Халықтың ақшаны бағалы қағаздарға инвестициялауы үшін инновациялық технологиялық өнім - «Invest Online» ағымдағы жылғы наурыздың соңынан бері жұмыс істейді. Бұл жүйенің бірегейлігі қызметтердің толығымен тәулік бойы және мобильдік қосымша немесе жүйенің веб-сайты арқылы қашықтан көрсетілуінде. Ақшаны инвестициялау, халықтың қор нарығында жұмыс істеу сауаттылығын арттыру үшін қолайлы, қолжетімді құрал жасалды.

«Invest Online» жүйесінің қызметтері арқылы қысқа мерзімді ноттарды қазір сатып ала отырып әрбір азамат бағалы қағаздарға инвестициялау тәжірибесін ала алады. Жүйенің интерфейсі арнайы кәсіби білімсіз онлайн режимде бірнеше минуттың ішінде брокерлердің және дилерлердің қатысуынсыз эмитенттен бағалы қағаздар сатып алуға мүмкіндік береді. Қандай да бір қосымша комиссиялар мен тарифтер төлеудің қажеті жоқ – операциялардың сомасы мен санына қарамастан жүйеде барлық операциялар тегін жүргізіледі.

Қажет болған жағдайда кепілдік берілген кіріс алып, салынған қаражатты оңай әрі жеңіл қайтаруға болады. Қысқа мерзімді ноттарды Ұлттық Банкке кез келген уақытта қашықтан сату режимімен қайта сатуға болады.

Алғаш рет қаржы нарығында бағалы қағаздармен операцияларды есепке алу үшін «блокчейн» технологиясы пайдаланылды.

Жүйе іске қосылғаннан бері өткен кезеңде Ұлттық Банктің инновациялық өнімі халықтың сұранысына ие екендігін көрсетті. Мәселен, осы жүйе арқылы күн сайын халық 2 млн теңгеден асатын сомаға 20 мың қысқа мерзімді ноттарды сатып алуда. Инвестициялардың жалпы көлемі 450 млн теңгені құрады. «Invest Online» жүйесі арқылы клиенттер базасы мен салынатын қаражат көлемі өседі деп күтілуде.

Invest Online қосымшасының жұмыс істеуіне қатысты консультацияны 8 800 080 86 68 телефоны бойынша тәуліктік техникалық қолдау көрсету желісі, [investonline@csd.kz](mailto:investonline@csd.kz) электрондық поштасы арқылы алуға болады.

Қосымшаның жұмысы бойынша түсініктемелерді Ұлттық Банктің NBK Online мобильдік қосымшасының Invest Online арнайы бөлімінде алуға болады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz),

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)